

# Педагогика әдіснамасы және педагогикалық зерттеудің әдістері

Педагогика ғылымының әдіснамасы дегеніміз – таным процесі мен педагогикалық шындығы түрлендірудің принциптері мен әдістері, формалары туралы ілім.

Әдіснамалық білім құрылымдық жағынан 4 түрге бөлінеді: философиялық, жалпы ғылымдық, нақты-ғылымилық және технологиялық.

**Диалектикалық материализм** – табиғаттың, қоғамның және ойлаудың өзгеруінің, қозғалуы мен дамуының жалпы заңдары туралы философиялық ілім.

Диалектикалық материализм философиясында табиғаттың, қоғамның және ойлаудың сан мөлшері өзгерісінің сапа мөлшеріне ауысуы, қарама-қарсылықтардың бірлігі мен

Күресі, терістеуді терістеу сияқты диалектиканың заң бойынша дамитындығы тағайындалған.

Педагогикадағы диалектиканың материализм тұлғаның объективті және субъективті қоғамдық қатынастар ретінде танылатындығынан көрінеді. Тұлға іс-әрекетте көрінеді және іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Тұлғамен іс-әрекет әрқашан бірлікте.

*Жалпы ғылымилық деңгей* зерттеушіден өмірдегі құбылыстарға өзіндік нақты құрылымы бар және өзінің қызмет атқару заңы бар жүйе ретінде қарауды ұсынады.

*Жүйелік тұрғыдан қарау* заттар мен құбылыстарды, процестерді және олардың компоненттері үнемі өзара бір-бірімен байланыста, дамуда, қозғалыста қарауды ұсынады.

Тұлғаның дамуының негізі, құралы және шешуші шартты іс-әрекет болып табылады. Бұл іс-әрекетте тұлғаның белсенділігінің, оның өзін-өзі жетілдірілген мұқтаждығының маңызы зор.

*Нақты ғылымилық деңгей* нақты белгілі бір ғылым саласында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптері мен жиынтығы болып.

**Педагогикалық зерттеу әдістері** деп педагогикалық құбылыстармен педагогикалық процестер, олардың элементтері мен компоненттер арасындағы заңды байланыстарды, қатынастарды, тәуелділіктерді тағайындау және ғылыми теорияларды құру мақсатында ғылыми информациялар алу тәсілдерін айтады.

Зерттеулерде жалпы теориялық әдістер, әлеуметтік және психологиялық әдістер, математикалық әдістер пайдаланылады.

*Жалпы теориялық әдістерге* анализ, синтез, салыстыру, индукция, дедукция, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, модельдеу әдістері жатады.

*Әлеуметтік-психологиялық әдістерге* сауал-сұрақ, интервью алу, тренинг әдістері жатады.

*Математикалық әдістерге* рангілеу, шкалалау, корреляция әдістері жатады.

Педагогикалық  
зерттеу әдістері  
шартты түрде

Теориялық әдіс

Эмпирикалық әдіс

Теориялық әдістерге анализ, синтез, салыстыру, индукция, дедукция, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, модельдеу әдістері жатады.

Эмпирикалық әдістерге бақылау, әңгімелесу, сауал-сұрақ, тестілеу, бағалау, алынған мәліметтерді өңдеу (математикалық, статистикалық, графикалық, кестелік), зерттеу нәтижелерін педагогикалық іс-тәжірибеге ендіру жатады.



*Ғылыми бақылау деп зерттелетін объектіні, процесі немесе құбылысты табиғи жағдайда арнайы ұйымдасқан түрде қабылдауды айтамыз.*

**Педагогикалық эксперимент** – дәлме-дәл ескерілетін жағдайларда, нақты «қолдан» жасалған жаңа жағдайларда педагогикалық процесті түрлендіріп, ғылыми тұрғыдан тәжірибе қоюды айтамыз. Екінші жағынан **эксперимент** дегеніміз – бата қадағалауда болатын және эксперимент жасаушының өзін мақсатты әрі жоспарлы түрде жүзеге асыратын педагогикалық бақылау болып табылады. Эксперимент мақсатына қарай үш түрге бөлінеді:

1. **Констатациялаушы эксперимент** – күнделікті өмірде бар педагогикалық құбылыстарды зерттеу мақсатында жүргізілетін эксперимент.

2. **Тексеруші, дәлірек анықтаушы эксперимент** – педагогикалық мәселені пайымдау процесінде жасалған ғылыми болжамды тексеру үшін жүргізілетін эксперимент.

3. *Қалыптастырушы, жасаушы, түрлендіруші эксперимент* – *жаңа педагогикалық құбылысты қалыптастыру, жаңа педагогикалық идеяны жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін эксперимент.*

**Эксперимент жүргізілетін орнына қарай екі түрге бөлінеді:**

**Табиғи эксперимент.** Мұндай педагогикалық эксперимент кезінде жаңадан ендірілетін педагогикалық идеяны, алдын-ала жасалған ғылыми болжамды тексеру үшін жүргізілетін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған тәжірибе оқу-тәрбие процесінің осыған дейін қалыптасқан жағдайын бұзбастан жүргізіледі. Яғни, оқу-тәрбие процесін осыған дейінгі табиғи қалпы бұзылмайды.

**Лабораториялық эксперимент.** Мұндай педагогикалық эксперимент кезінде жаңадан ендірілетін педагогикалық идеяны, алдын-ала жасалған ғылыми болжамды тексеру үшін жүргізілетін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған тәжірибе оқу-тәрбие процесінің осыған дейін қалыптасқан жағдайын өзгертіп, экспериментті арнайы жабдықталған орында жүргізіледі.

«Тест» деген сөз ағылшын тілінен аударғанда «сынау» деген мағынаны білдіреді. «Тестілеу» – мақсатты түрде жүргізілетін, әрі сынақтан өтушілердің барлығы үшін қиындығы мен күрделілігі бірдей деңгейде берілетін, қатаң қадағалатын жағдайда өткізілетін, педагогикалық процестің зерттелуге тиісті сипаттамаларын объективті өлшеуге мүмкіндік беретін тексеру, бақылау, зерттеу формаларының бірі.